



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ № 23  
БАСПАСӨЗ Р Е Л И З I

2010 жылғы 13 қазан

Монета сарайлары директорларының  
26-шы конференциясына арналған ескерткіш  
монеталар конкурсының қорытындылары туралы

2010 жылғы 26 қыркүйек – 3 қазан аралығында Австралияның астанасы Канберра қаласында Монета сарайлары директорларының 26-шы конференциясы өтті, онда монеталар конкурсы өткізілді.

Конференцияга әдетте Монета сарайлары қауымдастығына кіретін, онжылдық, тіпті кейде ғасырлық тарихы бар, сондай-ақ монеталар дизайны және жоғары сапаны қамтамасыз ететін ақша соғу технологиясы саласындағы жетістіктері танылған монета сарайлары шақырылады. Конкурс конкурста қатысуышы монета сарайлары соққан және соңғы жыл ішінде айналысқа шығарылған монеталар қатысуға жіберілетін әрбір конференцияны жүргізу кезеңінде өткізіледі.

Жеңімпаз монеталарды құрамына ғасырлық тарихы бар монета сарайларының өкілдері, әлемдік нумизматика және монета соғу саласында консультанттардың жоғары мәртебесіне ие шақырылған сарапшылар кіретін конкурстық комиссия айқындайды.

Қазақстан Республикасынан конкурсқа алтын жалатылған күмістен жасалған екі гауыр орнатылған «Жолбарыс» монетасы қойылды. Конкурс комиссиясы мүшелерінің 50-дің 47-сінің дауыс беруімен шығарылған конкурс комиссиясының шешімімен қазақстандық монетаға екі номинацияда жүлделі орындар берілді: «Ең әдемі монета» және «Ең технологиялық түрғыдан табысты жасалған монета».



Номиналы 100 теңгелік «Жолбарыс» монетасы айналысқа 2010 жылғы 2 наурызыда шығарылды.

Монетаның бет жағында (аверсінде) жоғарғы бөліктегі Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Елтанба бейнесінің сол жағында монета дайындалған металды және оның сынамын білдіретін «Ag 925», оң жағында – монетаның массасын білдіретін «31,1gr.» деген жазу бар. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «100 ТЕНГЕ» деген жазу бар. Номиналдың оң және сол жағында ұлттық ою-өрнек элементі бейнеленген. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу және шығыңқы жиек жүргізілген.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде жолбарыстың алтын жалатылған бейнесі орналастырылған. Жолбарыстың көзінің орнында екі гауыар орнатылған. Монетаның төменгі бөлігінде – Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі. Айналдыра ағылшын тілінде «TIGER», түрдің зоологиялық аты латын тілінде – «PANTHERA TIGRIS» деген жазу бар, соғылған жылын білдіретін «2009» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген.

Монетаның бет жағындағы және сырт жағындағы бейнелер мен жазбалар бедерленген.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монета 925 сынамды күмістен дайындалған, массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, әрқайсысының диаметрі бір миллиметрge дейін екі гауыар орнатылған, дайындалу сапасы – «proof». Ең көп таралымы - 13 мың дана (3 мың данасы Қазақстанның ішкі нарығы үшін).

